

Кен саласында - 50 ЖЫЛ еңбек еткен азамат

Қазан айының - 23 жұлдызында Арқалық қаласының құрылғанына - 63 жыл толды. Тарихы Қызылқозыдан бастау алып, бүгінгідей көпшіліктің құтты мекеніне айналған шаһардың қалыптасу жолында көптеген жанның ерен еңбегі жатқаны анық. Сондай азаматтардың бірі - кен саласына саналы ғұмырын арнаған - Тоқтас ӘБДІЛДИН ақсақал.



Кейіпкеріміз Арқалыққа көшіп келген уақытта желкілдеген жас бала болатын. «Ол кезде бар - жоғы 13 жаста ғана едім. Жер масқара батпақ, аяқ алып жүруіңнің өзі қиын. Бүгінгі ғимараттардың бірі де жоқ. Келер жылдан бастап әр жерден жастар келіп, қала құрылысын қарқынды жүргізе бастады», - деп еске алады атай.

Көп ұзамай Тоқтас ӘБДІЛДИН де ер жетіп, еңбекке араласты. «Болашағымды қандай мамандықпен байланыстырамын?» деп ұзақ толғанып жатпай, бірден енді ғана көзі ашылып, игеріле бастаған кен саласына келеді. Бұл - 1953-ші жыл болатын. Тәжірибесі болмағанымен еңбекке ынтығасы бар жас - бұрғылаушы болып еңбек жолын бастапты. Бұрғымен 50 - 60 метрге дейін жерді тесіп жұмыс жасапты. Кейіннен машинисттің көмекшісі, ал, өзі де техниканың тілін меңгеріп алған соң, машинист болып жұмыс жасады. Қала тарихында қалған Волков, Бегәділов сынды білікті мамандармен қызметтес болғанын мақтан тұтады өзі.



Сол 1953 жылы кен саласында бастаған еңбек жолы тура 50 жылдан соң 2003 - ші жылы ғана аяқталады. Атамыз қазір бейнетінің зейнетін көріп отырған жайы бар. Жұбайы екеуі 6 бала тәрбиелеп өсіріп, немере - шөбере сүйіп отырған бақытты жан. Жалынды жастық шағын арнап еңбегі сіңген Торғай боксит кен басқармасы кейіпкерімізді еш уақытта естен шығармай, тиісті деңгейде құрмет көрсетіп келеді екен. Оған атамыздың алғыстан бөтен айтары жоқ. - Торғай боксит кен басқармасының басшылығына алғысым шексіз. Еңбегімді елеп, қамқорлық танытып келеді. Кеншілер күні, қарттар мерекесінде арнайы келіп құттықтап, қаржылай сыйлығын ұсынып, жер үйде тұратындарға көміріне дей-

ін түсіріп береді. Біздей қарт кісілерге бұдан артық құрмет бар ма?! «Адам қартайғанда бір бала» дегендей, біздің жасымызда кішкене көңіл бөлсе де қуанып қаламыз ғой, - дейді кен саласының ардагері.

Тоқтас атамыздың жасы қазір - 83 - те болғанымен көңілі сергек көрінді. Еліміздің қоғамдық өміріне бей - жай қарамай, теледидар арқылы соңғы жаңалықтардан әрқыз хабардар болып отырады екен. «Газет тілшісіміз» деген бізді қуана қарсы алып, өткенін еске алып, бір көтеріліп қалды. Ескі фотосуреттерін ақтара отырып, «Ессентуки» аталатын, заманында көпшіліктің сүйікті орыны болған шипажайдағы фотосын ұсынды. Онда елдің сүйікті ұлы, Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы болып 20 жыл қызмет атқарған Дінмұхамед Ахметұлы ҚО-НАЕВПЕН бірге түскен суретін көрсетті. Осындай игі жақсылармен дәмдес болғанымға шүкір дейді өзі.

Біз де елім деп еңбек етіп, кен қазу саласында нәтижелі жұмыс атқарған, бүгінде жасы сексеннің сеңгіріне шығып, бейнетінің зейнетін көріп отырған ақсақалға денсаулық тілеп аттандық.

Еске сала кетсек, 1950 жылдың мамыр айынан бастап, ескі Арқалықтың орнына құрылыс салына бастаған. Ал, 1951 жылы 30 тамызда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімі бойынша Арқалық жұмысшы поселкесі кеңесі құрылады. 1955 жылы қыркүйекте «Торғай алюминстрой» тресінің орны белгіленіп, қаланың алғашқы қазығы қазылды. Арқалық қаласының құрылған күні - 1956 жылдың 23 қазаны. Туган күніңмен, Арқалық! Жасап, жайнай бер!